

бүкіл ғұмырын туған халқының тәуелсіз болашағына арнаған, барша күш-жігерін осы мақсатқа жұмсаған, Алаш үшін жанын пидә еткен қазақ елінің біртуар қайраткері 1934 жылы 4 шілдеде көз жұмды.

Жақып Ақбаевқа арналған алғашқы еңбекті оның қызы – қазақ қыздары арасындағы тұңғыш заң ғылымының кандидаты Аспазия Жақыпова жазды. 1967 жылы ҚазМУ ғылыми еңбектерінің жинағында тұңғыш құқық магистрі туралы егжей – тегжейлі мақала жарияланды. Бұл Жақып Ақбаевтың қараланған атын жұртшылық алдында өзінше бір ақтау болып саналды. Кейіннен бұл істер аяқсыз қалып, 90-шы жылдары қайта жаңғырды [10, 608-609 бб.].

Қорыта келе, Ж.Ақбаевтың Қарқаралы петициясын жазудағы орасан зор рөлі, баршамызға мәлім. Таланты алуан қырлы болған, ұлт мүддесін биік қойған қазақ зиялысы, халқының тәуелсіздігі жолындағы қажырлы күрескер Жақып Ақбаевтың есімі тәуелсіз Қазақстан тарихынан ойып тұрып орын алуы қажет. Әрбір елім дейтін азаматтардың бойынан да дәл осындай отансүйгіштік қасиеті табыла білсе, ел еңсесі қашан да биік, тұғыры берік болып, қарыштап дами бермек!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. //Семипалатинский листок. 1905ж. 8 желтоқсан.
2. Бейсенбекова Н.А. «Алаш» қозғалысының тарихы: оқу құралы / Н.А.Бейсенбекова, Л.К.Шотбакова, Қ.С.Өскенбаев. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2018. -276 б.
3. Әбдиманұлы Ө. Ахмет Байтұрсынұлы: зерттеу-эссе. - Алматы, 2007.
4. Рысқұлов Т. Избранные труды. -Алма-Ата: «Казахстан», 1984. -259 с.
5. ҚОМА. Қор 1679, Тізбе 1, Іс 5, 1-2п.
6. Құл-Мұхаммед М. Алаш ардагері. Ж.Ақбаевтың саяси- құқылық көзқарастары. -Алматы: Жеті жарғы, 1996. – 224 б.
7. Электрондық ресурс: <https://abai.kz/post/4392>
8. Заң магистрі Жақып Ақбаев. // ҚР жоғарғы сот жаршысы. 1994. - №2, 23-25 бб.
9. Қазақ ССР тарихы. 5 томдық. 3-т., -388 б.
10. Ақбаев Ж. Қарағанды. Қарағанды облысы. Энциклопедия. - Алматы, 1990.

ТҰРАҚТЫ ЖАРЫҒЫН КӨПКЕ ШАШҚАН АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫНА ҚОСҚАН ӘЛЕУЛІ ЕҢБЕКТЕРІ

Ермалақ К.К.

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.м., аға оқытушы Медиева С.Х.
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
ermalakova_kunsulu.b-19@mail.ru
Қарағанды қ.

Қазақстанда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси алмасулар тәуелсіздігімізді одан әрі қамтамасыз ету үшін, ұлтымыздың тізгінін берік ұстауға қабілетті, парасатты ұрпақты тәрбиелеп шығаруды талап етеді. Қоғамдық сананың өзгеше формасы болып есептелетін тарихи сананы қалыптастыратын тек тарих қана. Тарихи сананы қалыптастыру міндетін, Қазақстан педагогикасының тарихи жолдарын анықтау міндетін шешу, өткен тарихи жолдардағы педагогикалық бай тәжірибені зерттеу арқылы іске асады. Ғасырлар бойы жинақталып келе жатқан қазақ халқының бай рухани қазынасын және ғұлама ғалымдардың еңбектерін, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ой-пікірлері мен тәрбие туралы жазып қалдырған мұраларын жіктеу бүгінгі таңда жалпы ғұмырнамалық проблема болып табылады. Сондықтан халқымыздың өткен тарихындағы озық педагогикалық идеяларды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан қарап, бүгінгі ұрпақты жан-жақты, саналы, бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптастыруға пайдалану керек. Осы тұста болашақ мамандарды тарихтың ақтаңдақ беттеріне айналған қазақ зиялыларының педагогикалық идеяларына сүйене отырып оқыту мен тәрбиелеу өзекті мәселе болып табылады. Ал, қазақ зиялыларының еңбектері, жазып қалдырған бай мұрасы мәдениеттанушылардың, философтардың, тарихшылардың, әдебиетшілер мен педагогтардың басты назарында екені бәрімізге мәлім. Сондай-ақ біздің мақсат сол тұлғалардың педагогикалық мұралары бойынша жарық көрген зерттеу жұмыстары мен шығармаларын жинастырып, оларды жүйелеп, саралап, еліміздегі үздіксіз білім беру жүйесінің оқу-тәрбие үдерісіне енгізу.

Жалпы әр халықтың өзіне тән, тарихи-әлеуметтік даму ерекшеліктері мен өмір-тіршілігіне, тұрмыс-салтына, дәстүріне байланысты дүниетанымдық, рухани-әлеуметтік, мәдени құндылықтары қалыптасады. Қазақ халқының ойлау жүйесіне, рухани танымына ерекше үлес қосқан, тұлға болмысына лайықты шығармашылық, өнер иелері жазып қалдырған мұраларындағы педагогикалық идеялар мен көзқарастарының маңызын зерделеп, оқыту мен тәрбиелеу үдерістерінің ұлттық мазмұнын арттыру бағытында көптеген еңбектер жарық көрді. Солардың ішінде алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұралары негізінде ұлттық тұлғаның қалыптасуы ерекше көзге түседі. Қазақстанда ұлттық тұлға қалыптастырудың тұжырымдамасын жасаған алаш

қайраткерлері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Ақбаев, Ә.Ермеков, т.б. шығармашылықтарында халықтық идеясы ашылғанын айрықша атап көрсеткен жөн. Алаш қайраткерлерінің жас ұрпаққа жазып қалдырған саналы шығармалары мен рухты өлеңдері қазіргі білімді жастарымызға әлі күнге дейін шабыт беріп, жігерлендіріп келе жатыр. Қазақ халқына білім беру, елдің бостандығы мен егемендігін сақтау қазақ зиялыларының басты арманы еді. Сол үшін де оларға саяси-әлеуметтік жағдайлармен айналысуға тура келді. Қазақ зиялыларының ағартушылық ой-пікірлері мектеп ашу, оқу құралдарын жазу, халықты мәдениет пен өнер-білімге шақырумен байланысты болды. Дегенмен, қазақ мектептерінде оқушылар нәтижелі білім ала алмады. Басты себеп – үкімет жергілікті халықтың сауатты болуын ойламады. Еңбекақының аздығы, оқу-құралдарының жетіспеушілігі Қазақстанда оқу-ағарту ісінің дамуына кедергі бола білді.

Абай, Ыбырай, Шоқан ілімдерін қолдаушы, әрі қазақ елінің саяси көсемі А.Байтұрсынов осындай кедергілерден шығудың жолдарын іздестірді. Қазақ халқының сауатын ашу үшін ол көптеген еңбек жазды.

Ахмет Байтұрсыновтың педагогикалық идеялары. Ахмет Байтұрсыновтың есімі бүкіл түркі тілдес халықтардың тарихына Кемал Ататүрік, Ысмайылбек Гаспыралы есімдерімен мәңгі өшпеспей болып алтын әріптермен жазылды. Қазақ халқының тарихында өзінің рухани сана-сезімі мен парасаты және жалпы болмысы жағынан айрықша орын алатын ол – ауыз әдебиетінің негізін салушы, ақын- жазушы, публицист, аудармашы, қазақ тілі мен әдебиетінің негізін қалаушы, ірі филолог, лингвист-ғалым, түрколог-реформатор, ағартушы-демократ, гуманист, педагог, зерделі тарихшы, журналист, профессор, «Алаш» партиясының негізін қалаушылардың бірі. Өз халқының жалындап жанған адал перзенті.[2]

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ балаларының ана тілінде сауат алуына арналған алғашқы әліппелер мен қазақ тілі грамматикасын танытатын тұңғыш оқулықтардың авторы, қазақша сауат аштыру мен қазақ тілін пән ретінде оқыту әдістерін баяндайтын құралдардың қолда бар басылымдарының текстері қазіргі таңда толық ұсынылып отыр. Сонымен бірге автордың қазақ жазуы, емлесі, терминологиясы жайында жазған мақалалары, сөйлеген сөздері мен қазақ жеріндегі оқу-ағарту мәселелеріне арналған еңбектері де енген. Бұлардың барлығы дерлік араб жазуынан қазіргі қазақ жазуына көшіріліп берілген.[3]

Соңғы уақыттарда қоғам қайраткері А.Байтұрсынұлының өмірі мен қызметі туралы Р.Нұрғали, Р.Сыздықова, Ш.Сәтпаева, Ә.Қайдаров, А.Мектепов, Ғ.Әнесов сияқты көптеген зерттеушілер құнды да мағыналы еңбектерін жариялаған болатын. Осы зерттеушілердің пікірі Ахмет атамыздың жан-жақты энциклопедист ғалым, жазушы, қоғам қайраткері, педагог, журналист болғандығын растайды. Мен осы мақаламда Ахмет Байтұрсыновтың көлемді және сапалы еңбектерінің ішінде педагогика бағытына тоқталмақпын.

Ахмет Байтұрсынов ұлттық санаға дейінгі педагогикалық мәселелерді толығымен жан-жақты зерделеп, зерттеген. Және өте құнды еңбектерінің бірі – «Қазақ әліппесін» құрастырғаны еді. Осы тұста айта кететін мәселе, Ахмет атамыз жазған әліппеге дейін қазақ халқымыздың өз әліппесі болған емес. Бұл жазған әліппенің басты ерекшелігі, құндылығы ол әрбір әріптерді мысалдармен дәлелдеп отырған. Сонымен қатар, Ахмет Байтұрсынов әрбір тақырыпқа дидактикалық принциптер көрсеткен, және әр әріп соңында мынадай қорытынды жасаған. Бұл қорытынды арқылы ұлы ұстаз оқытушыларға қалай оқыту керек екендігін түсіндіріп отыр. Зерделі тарихшымыздың Оқу құралы атты еңбегі жүйелі жазылған. Оқулықтағы берілген материалдар тілге жеңіл, оқушылардың танымдық қабілетін оятуға арналған. Бұл кітап арқылы қараңғы қазақты жаппай сауаттандыру ісіне, жазба әдебиеттерінің дамуына, баспа жұмысының жандануына игілікті қызмет еткен ілгерілеуші құбылыс болған. Ағартушымыздың бұл еңбегінен бүкіл түркі халықтары өнеге алып, өз жазуларына өзгерістер енгізген.

Менің ойымша, бастауыш сынып оқушыларына мәтін арқылы әртүрлі ғылым саласынан алғашқы ақпарат, мағлұмат беру міндеті осы ірі ағартушымыздың еңбектерінен басталғаны бәрімізге мәлім. Әдістеме ілімінің осы принципі бүгінгі күнге дейін жалғасып, ол бастауыш сынып оқулықтарда қатаң түрде сақталып отыр.

Ахмет Байтұрсынов осы жүйенің барлық элементтерінде қазақ тілін, фольклорын, мәдениетін, тарихын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрлерін қазақ мектептерінде оқытып, оқушыларға ұлттық тәрбие беру мақсатында іске асыру жолдарын көрсетті.

Сонымен Ахмет Байтұрсынов өзінің ағартушылық еңбек жолы мен педагогикалық көзқарастарында ұлттық тәрбиені кең ауқымда насихаттап, оны нақты іске асыру жолында бар ғұмырын арнаған ғұлама ұстаз. Ендеше Ахмет атамыздың мұраларындағы дидактикалық ұстанымдары қоғам талаптарына сай қазіргі заманғы оқыту әдістемесінде қолдану оқушылардың ғылыми дүние танымы, өмірлік көзқарастарын қалыптастыруда, белсенді, дербес тұлғаны тәрбиелеуде аса қажет деп санаймын. Осындай алып тұлғамыздың қасындағы жолдасы, алаш қайраткерлерінің, қолдаушы замандастарының бірі - Міржақып Дулатұлында атап өтпеске болмайды.

Міржақып Дулатұлының қоғамдық-педагогикалық және ғылымға қосқан үлесі.

Міржақып Дулатұлы - ұлтына «Оян, қазақ» - деп ұран салған қайраткер, ақын, жазушы, ғалым-педагог, алаш зиялысы. Ерте жетім қалған, екі жаста шешеден, он екі жаста әкесінен айырылған Міржақып атамыздың бүкіл өмірі жоқшылықпен, азаппен, зорлықпен өтеді. Ауыл мектептерінде мұғалімдікпен өткен алты-жеті жыл ішінде оңы мен солын танып, ұлт қамы үшін ширығып, соны әрі қарай шыңдау үшін Міржақып алдындағы ағалары Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсыновтарды тауып, олармен пікірлес, ниеттес болып шығады. Міржақып Дулатұлының әрбір туындысы жалпы ұлттық сипат алып, оның рухани бейнесі қазақтың көп ақынының бірінен ұлттық қоғам қайраткері биігіне көтеріле бастайды.

Міржақып Дулатовтың әртүрлі еңбектерінің ішінен біз педагогикалық мұраларына тоқталамыз. Міржақып ағамыз ұзақ жылдар бойына «Қазақ» газетінің бас редакторының орынбасары, жауапты хатшысы бола жүріп педагогика ғылымына зор үлес қосты.

Міржақып Дулатұлының математика саласындағы еңбегі «Есеп құралы» деген атпен 1921 жылы Ташкентте басылып шығады. Кітаптың алғашқы нұсқасы 1914 жылы Орынборда шыққан болатын. Қазақ тіліндегі тұңғыш математика құралы есептер мен мысалдар жинағы түрінде дайындалған. Оқу құралында оқушылардың есеп құрастыруына да ерекше мән берілген. Сонымен қатар ауызша есептеуге де байланысты тапсырмалар көптеп кездеседі. Сол уақыттағы қазақ мектебінің сұранысы мен қазақ балаларының ұлттық, психологиялық және басқа ерекшеліктері жан-жақты ескерілген толық мағынадағы төл оқулықтардың бірі болған. Математиканы оқытудың әдістемелік мәселелеріне арналған бұл оқулықты ғылымының негізінің бірегейі деп айтуға болады.

Міржақып Дулатұлы қазақ педагогикасындағы тұңғыш рет қазақ оқушыларының гигиенасы мен әдеп, мінез-құлық жөніндегі талаптарын жазды. Өзінің «Қирағат» оқулығының «Денсаулық» жайынан атты бөлімі осы мәселелерге арналған. 1914 жылы «Қирағат» оқулығы екінші рет басылып шығады. Ол мұғалімдеріміздің назарын бастаушы мектептің маңызына аударады: « Яғни балаларды оқыту өз алдына бір ғылым- педагогика. Орыста учительский институт, учительская семинария педагогический курстар көп. Сондықтан орыс учительдері көп жапа шекпейді. Біздің қазақ ноғай мұғалімдері өздерінің тырысуымен тәжірибе қылып жүр. Мектеп бағдарламасында бірінші орын алған нәрсе қирағат, баяндап оқыту. Оқудан мақсат жалғыз құрғақ білім үйрету емес, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру...» [4]. Міржақып ағамыз осындай құнды еңбектерін ұлтының қамын ойлап, сонымен қатар педагогика саласына өзінің үлкен үлесін қосты. Қоғам қайраткері елінің бүгінгі мен келешегіне қатты алаң болатыны сөзсіз еді. Себебі, олар келешек ұрпағының кісілік санатында жүруі үшін аянбай тер төкті. Аз-аздан үздіксіз білім беру бала-бақшадан бастап, жоғары оқу орындарына дейін белгілі бір идеяға бағытталып, жалғасын тауып отырса оң нәтиже береді.

Міржақып Дулатовтың халықтың бостандығы жолындағы күреспен ағартушылықты екі айырық жол деп есептемеген, екеуін де толықтырар, халқының болашағын ойлайтын әрбір азамат көтерер ауыр міндет деп түсінген ағартушылармыздың бірі. Міржақып ағамыздың мақалалары ең алдымен ғылыми-әдістемелік сипатымен ерекше. Бар өмірін арнаған ағартушылық жолы үш тағанды бірліктен тұрады. Біріншісі- ұстаздық педагогтік қызметі, екіншісі- ұлттық мектептің өркендеуін көздеуші журналист, үшіншісі- мектепке қажетті оқулықтар жазушы ғалым. Міржақып Дулатұлы заманымыздың ең қажетті тақырыптарын жазып, із қалдырды. Оның педагогика ғылымы саласында қалдырған еңбегі сан-алуан. Әдіскер-ғалым өзінің әдістері арқылы оқыту теориясын жан-жақты дамытты. Оның оқулықтары қызықты тілі жеңіл болған. Адамгершілік, имандылық, эстетикалық, еңбек, дене, патриоттық тәрбиелерді балалардың бойына дәріптей білген ғалым-педагог. Осындай көрнекті ғалымдардың ұстазы болған- Әлихан Бөкейхановтың еңбегін айқындайық.

Әлихан Бөкейханов- ағартушы-педагог. Әлихан Бөкейханов- қазақ зиялыларының қоғам және мемлекет қайраткерлері қатарындағы аса ерекше тұлға. Оның есімі ұзақ жылдар бойы сирек естіліп кетсе, кейінгі ұрпаққа қалдырған орасан мол аманаты- бір кісінің ғұмырындай шаң басып жатты. Әлихан ағамыздың қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, шаруашылығын, төрт түлік малын, жер-суын, әлеуметтік-экономикалық жағдайын жан-жақты зерттеген ғалымдардың бірі. Күні бүгінгі дейін Әлихан Бөкейханның әр түрлі мерзімді баспа беттерінде мақалалары арқылы қорытынды шығарады. Әлихан Бөкейхан практикалық әдістің лабораториялық әдіске жақын екендігін дәлелдейді. Оның ойынша, практикалық әдіс мұғалімнің басшылығымен сабақты бекіту кезеңінде қолданылады. Әлихан Бөкейхан оқушының қажетті білім алуы мұғалімнің шеберлігіне байланысты екендігін айтады. Ол былай деп жазады: «Баланы баулыған оқытушы ісіне шебер болса, өзі де, балаларды табиғатты әліп-бидей оқып, аты бәйгеден келіп, бүркіті түлкі алып қызыққа батады да, қуанады. Бала оқуға күйі түскен қаршығадай, түлеп ұшады».

Ғалым-ағартушы оқыту мазмұнын ұлттық психологиямен байланыстыруға ерекше мән берген. Ол оқушыларға өздерінің өмірлерімен, күнделікті жасалатын тыныс-тіршілігімен байланысты соған келетін материалдар беріп отырған. Ғалымның негізгі, басты еңбектері қазақ халқының тарихына, экономикасына, мәдениетіне, шаруашылық жүргізу тәсілдеріне, ру тайпалар шежіресіне, тұрмыс салтына, қазақ жерлерін отарлау ғұмырына арналған. Бұл жазбаларда мың сан деректер, цифрлар, таблицалар, сілтемелер, жер-су, адам есімдері, әр түрлі үзінділер, қысқаша айтқанда өте көп материалдар бар. Біз Әлихан ағамыздың жазбаларынан сатиралық, шыншылдық сипатын көреміз. Жоғарыдағы келтірілген мысалдар бізге мынандай қорытынды жасауға өз үлесін тигізді. Халық педагогикасы, білім беру институттарын дамыту, мамандардың білімдерін жетілдіру, ғылыми әдебиеттерді, оқулықтарды көбейту, білім беру жүйесінде пәндік оқытуды енгізу, мектептерде қазақ тілінде білім беру, оқытудың әдіс-тәсілдерін, соның ішінде оқыту теориясын жетілдіру, тәрбие теориясын оқыту теориясымен байланыстыра қарастыру мәселелерді шешуде елеулі үлес қосты.

Бүкіл өмірін халқына, еліне, жұртына арнаған Әлихан Бөкейхан барлық күш-жігерін осы жолда сарп етеді. Және де осы бағытта аянбай тер төгеді. Менің ойымша Әлихан Бөкейхановтың шығармаларының негізгі тақырыптары- еңбек тәрбиесі негізінде жазылған. Қазақ халқына жанашыр тұлғамыз, осы елдің сауатын ашу үшін күнделікті өмірде орыс ғалымдарының шығармаларын аударып, жұртына үлкен көмегін тигізген болатын.

Әлихан Бөкейханов- қазақтың басын қосып тәуелсіз ел болуын көксеп, сол мақсатқа жету жолында өз бойындағы қасиеттерін яғни, ақыл-ойын, өнер-білімін, жігер-қайратын, бар саналы ғұмырын арнаған.

Әлихан Бөкейханның педагогика ғылымының қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесі бәрімізге аян. Тарих атты үлкен керуен бойындағы ұрпақтар жалғастығын қаншалықты топ басып айтқан десеңші. Шыңдыққа жүгінер болсақ, адам баласының басынан өткен әрбір тарихи кезең, әр ұрпақ өзінің алдындағы белес пен буынның өнегелі үлгісін өзінен кейінгіге асырып, ертеңге бағыттап отыратын қастерлі көпір болып есептеледі. Бір ғана Әлихан ағамыздың тұлғасына назар аударайықшы. Ұлы ұстаз Әлиханның әдеби, педагогикалық мұрасы- халқымыздың өткені мен бүгінгі, көнесі мен жаңасын сабақтастырып жатқан алтын арқау, қазақ тарихының түнсіз терең қазыналарының бірі. Сондықтан біз Әлихан әлеміне көз жүгіртіп, сол қасиеттерді тани түскендей боламыз. Әлихан таланты одан тәлім-тәрбие алушы шәкірттер, ақынның жолын жалғастырушылар тозбай, қайта дәуір жаңғыртып отыратындығы содан. Осындай тұлғаларымыздың ізін жалғастырушыларымыздың бірігейі- Әлімхан Ермеков. Осындай тұлғаларымыздың тек қазақ елінен шыққанына басымды иемін. Өз халқы, өз отаны үшін талай қиындықты басынан өткерген алаш зиялыларының елеулі еңбектерін атап айтпасақ болмайды.

Әлімхан Ермековтың ағартушылық қызметі. Қоғамымызда, күнделікті өмір-тұрмыста кең өріс алған демократия тағылымдары мәдени-рухани салаларда да жемісін, нәтижесін бергені белгілі. Көптеген қоғам зиялыларының қастерлі де қасиетті есімдері мен құнды шығармашылық мұралары халқына қайта оралып, екінші тынысы- рухани сапарларынан бастады. Сондай зиялы қауымның қатарында тұңғыш математик, профессор- Әлімхан Ермеков болды. Сол кездегі заманның саяси өзгерісінің әсерінен мемлекеттік істерге араласқан зиялы қауым оқу-ағарту жұмысына да белсене ат салысты. Өйткені ағартушылық ісі сол кездегі қазақтың саяси тынысы мен әлеуметтік тіршілігіндегі ең қажет, ең игілікті істердің бірі болатын. Әлімхан Ермеков та осындай саяси мәні зор істерден қалыс қалған емес.

Әлімхан Ермековтың айқын мақсаттарының бірі оқу, білім, бір қиырдан бір қиырға жетектеп, білсем, көрсем, түсінсем, ұқсам деген құштарлығын арттырып тереңіне тартып, еліктіре түсті, қызықтыра берді. Жалпы Әлімхан ағамыз қазақ математика саласына өзінің елеулі үлесін қосқан. Өзінің өмірінің соңына дейін талмай жастарға білім беру ісімен айналысады.

Әлімхан Ермеков туралы зерттеулер аз екені белгілі. Оның өмірі мен қызметі мақалаларда өз көрінісін тапты. Оның математикалық еңбектеріне толық тоқталуды өзіме мақсат етпедім, бірақ елімізге қосқан елеулі еңбектерін атап айтуды жөн көрдім. Қорытындылай келе, жалпы алаш зиялыларының қайсысын алып қарасақ та, өз отандары үшін жасаған құнды үлестері, мәнін ешқашан жоймайтыны бәрімізге белгілі.

Тәуелсіз Қазақстандағы жаһандану үдерісі әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар алдына түбегейлі реформалау істерін қойып отыр. Әлемдік өркениетке ену жағдайында түбірлі әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістердің негізінде ұлттық мәдениет пен руханиятты жаңғыртудың мүмкіндіктерін толық жүзеге асыру қажеттілігі туындап, педагогика ғылымын әрбір халықтың ұлттық ерекшелігіне сай жетілдіру мәселесін қарастыру көзделуде.

Тарих санасына алашорда- халық Кеңесі үкіметін алып келген жалпы ұлттық күрестің басында ұлттық интеллигенция тұрды. Олардың ортақ түсінігі бойынша отарлық езгі мен феодалдық мешеулік жағдайында аяқ асты болған ұлттық мүддені қорғап, қазақ елін өркениетті елдер қатарына алып шыға алатын бір ғана жол- ұлттық мемлекеттік құрылымның болуы.

Тәуелсіз елімізде оқушы- жастарды бүгінгі күн талабына сай ұлттық тәлім-тәрбие беруде халқымыздың бай мәдени мұраларын, педагогикалық ой-пікірлерін, жинақталған ұлттық құндылықтарды зерттеп, жүйелеп, оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісінде пайдаланудың маңызы зор. Осы бағытта қазіргі бәсекеге қабілетті жасөспірімдерді тәрбиелеу, ұлт тұрмыс-тіршілігін өркендетуші сапалы да сауатты, ұлтжанды, мәдени-ғылыми ой-өрістері кең ұрпақ өсіру-қоғам алдында тұрған басты міндет. Әрбір қоғам өзінің даму барысындағы зиялы қайраткерлердің педагогикалық ақыл-ойын, тәрбиелік тәжірибесін зерделеп, заман талаптарына сай жетілдіріп пайдаланып отырған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Б.С.Байменова « XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялыларының педагогикалық ой-пікірлері». - Алматы, 2017.
2. Кәкішұлы Т. Матасқан тағдырлар//Парасат. 2000.
3. А.Байтұрсынов «5 томдық шығармалар жинағы Тіл құралы». - Алматы, 2005.
4. М.Дулатов «Шығармалары». – Алматы, 1991.

АЛАШ МИЛИЦИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Махамбеткалиева Н.Ж.
Ғылыми жетекшісі: PhD доктор Қоскеева Ә.М.
С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ
Koskeeva@mail.ru
Астана қ.